





Негізгі капиталға инвестиция салудың жалпы көлемі бойынша жеке инвестиция – 62,2%, шетел инвестициясы – 25,7%-ды құрайды.

Елдің негізгі инвестициялық потенциалына – Атырау облысы (31,1%), Алматы және Астана қалалары (11,5%) ие болып отыр және де осы аймақтар экономиканы қаржыландыру бойынша жеке капиталдың үлесі бойынша жоғары деңгейімен сипатталады [5].

Аймақтар бойынша Қазақстанның шетел капиталына инвестициялық тартымдылығын талдау негізгі шетел капиталы Атырау (67,9%) және Қарағанды (10,2%) облыстарында шоғырландырылғанын көрсетеді. Шетел капиталына елдің өзге аймақтарының инвестициялық тартымдылығы төмен деңгейде қалып отыр.

Еліміздің экономикасына келіп түсетін инвестицияның негізгі бөлігі таукен өнеркәсібіне тартылған. Оған барлық көлемнің 37,1% сәйкес келеді, оның ішіндегі 33,9% негізгі капиталға инвестиция мұнай мен табиғи газ өндіруге салынуда [6].

Ал ауыл шаруашылығына салынған инвестицияның көлемі соңғы жылдар бойы Қазақстан экономикасының тұрақтану және өсу тенденциясы байқалып отыр, сәйкесінше ел экономикасына келіп түскен инвестиция көлемі де артып келе жатыр. Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға инвестицияларды бөлуді талдаудың көрсетуінше Қазақстандағы негізгі көздері болып шаруашылық субъектілерінің жеке қаражаттары мен шетел инвестициялары болып табылады. Мысалы, 2008-2013жж. аралығында негізгі капиталға құйылған инвестициялар көлемі 3 есеге өскен, 2013 жылы инвестициялық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде негізгі капиталға құйылған 2810277 млн теңге инвестиция игерілді, бұл ЖІӨ-нің 28% құрайды.

Мемлекеттік бюджет пен шаруашылық субъектілердің қаражатынан қаржыландырылған негізгі капиталға құйылған инвестициялардың үлесі 2005ж. біраз өсіп, 2013 жылы 17%-ға жетті. Сонымен қатар, шетел инвестицияларының үлесі симметриялық түрде өзгеруі де жүріп жатты: 2009 жылға дейін оның үлесі өсіп (8%), ал артынша 2010 жылы 11,7%-ға дейін төмендеген. Бұдан кейін жеке меншік компаниялардың инвестициялау ролінің өсуіне байланысты 2013 жылы өсу тенденциясында төмендеу байқалды.

Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестицияны тартудың негізгі мақсаты экономикалық артта қалушылықты өткеру, ше-

тел капиталын пайдалану негізінде халықтың өмір сүру сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

Республикаға шетел инвестициялары техникалық және қаржылық көмек, экспортты несие және тікелей инвестиция түрінде келіп түседі.

Республикамыздың ауылшаруашылық саласы экономикамыздың аса маңызды бөлігі және экономикалық дағдарысты жою, тамақ және жеңіл өнеркәсіптерін дамыту, саяси-әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында шешуші рөл атқарады. Сондықтан ауыл шаруашылығындағы инвестициялық саясат барлық меншік түріндегі кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасының сапалық жақсаруын, өнімді өңдеу және өткізу бағаларының төмендеуін қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан өткен 5 жылмен салыстырғанда аграрлық секторды дамытуда айтарлықтай нәтижелерге жетті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2008 жылмен салыстырғанда 2 есеге өскен. Инвестициялар 3 еседен астамға ұлғайды [7].

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының негізгі капиталына 2014 жылы 74,6 млрд. теңге инвестиция салынды. 2013 жылмен салыстырғанда саланың негізгі капиталына салынған инвестициялар 24,2%-ға көбейді. Негізгі аймақтар бойынша ауыл шаруашылығына инвестицияның таралуын және олардың қандай көздердің қаражаты есебінен қаржыландырылғаны 1-кестедегі мәліметтерде көрсетілген.

Кестедегі мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша ауыл шаруашылығына инвестициялардың едәуір көлемі Қостанай (26,9%), Ақмола (18,4%) және Солтүстік Қазақстан (16,4%) облыстарына бағытталғандығын көруге болады. Ал керісінше, еліміздің жалпы инвестицияларды тарту көлемі бойынша жоғарғы потенциалына ие Атырау облысының ауыл шаруашылығына инвестиция тарту республика бойынша ең төменгі (2,2%) көрсеткішке ие. Одан кейінгі орында Маңғыстау облысы (5%). Бұл жағдайдың себебі осы аймақтардың табиғи-климаттық жағдайының ерекшеліктеріне байланысты болып отыр. Инвестициялардың аймақтар бойынша тартылуын 1-суреттен көре аламыз.

Ауыл шаруашылығын дамытуға бөлініп отырған қаржының 19 пайызы республикалық бюджеттен берілсе, жергілікті бюджеттен бөлінетін ақшаның көлемі 5,1 пайыз ғана (2-сурет). Сондықтан жергілікті атқару органдарының қолдауы керек.



## Аграрная политика: механизм реализации

2-суреттен ауылшаруашылық саласының негізгі капиталға салынған инвестицияларын қаржыландыру көздері ішіндегі инвесторлардың меншік қаражаттары (жалпы көлемінен 64,5%) басым болып отыр (2014ж.), оларға пайда мен амортизациялық қор жатқызылған. Екінші болып, қарыз қаражаттары (22,1%), содан кейін бюджет және жергілікті бюджет республикалық бюджет және жергілікті бюджет қаражаттары деп бөлінген. Жалпы көлемдегі шетелдік инвестициялардың үлесі бар болғаны 2013 жылы 0,2, ал 2014 жылы – 0,5% болған. Осыдан ауыл шаруашылық саласының шетелдік инвесторларға тартымдылығының өте төмен екендігін көруге болады.

Ауыл шаруашылығы салалары ішінде инвестициялау үшін ең тартымды өсімдік шаруашылығы (инвестицияның жалпы көлемінен 69,9%) болды.

Бүкіләлемдік банктің бағалауы бойынша Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық саласы инвестицияның тиімділігі бойынша тартымдылығы жоғары. Бұл жөнінде республика президенті «Агроинвест KZ-2014» халықаралық аграрлық инвестициялық форумының қатысушыларына жіберген хатында айтылған. Сонымен қатар, онда ауылшаруашылық тауарларына әлемдік баға өскен сайын бұл салаға капитал құюға тартымдылығы да жоғарылай түсетіні жайында, Қазақстан астығының ерекшеліктері мен мал шаруашылығы саласының зор әлеуеті, еліміздегі осы саланың тұрақты дамуының негізі екендігі атап көрсетілген [8].

Осы құжатта Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайы елдің тұрғындарын негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етіп қана қоймай, сыртқы рынокқа шығаратын ірі көлемдегі тауарларды өндіруге мүмкіндігі бар екені көрсетілген.

Республикалық бюджеттен агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бөлінетін шығыстар 2015-2017 жылдары шамамен 350 млрд. теңгені құрайды. Агроөнеркәсіптік кешенді қолдауға «КазАгро» холдингінен қаражат бөлінеді [9].

Инвестициялар, ең алдымен, астық секторы, ет және сүт өнімдерін қайта өңдеу және жеміс-көкөніс дақылдарын өндіру сияқты қолданыстағы секторларды қолдауға және жаңа экспортқа бағдарланған секторларды дамытуға бағытталған. Олар дамыған экспорттық инфрақұрылымдары бар жылыжай шаруашылығының, көкөніс қоймаларының, құс фабрикаларының, тауарлы-сүт фермаларының, бордақылау алаңдары мен қасапханалар желілерін дамытуға бағытталған. Қазіргі заманғы ет өңдеу кешендерін ұйымдастыру, тамшылатып суару технологияларын қолданып жеміс-көкөніс дақылдарын өндіру және биязы жүнді тереңдете өңдеуді дамыту, Қазақстан астығы экспортының инфрақұрылымын дамыту, аграрлық техникалық маркеттерді құру және дамыту, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасын құрастыру жөніндегі жобалар іске асырылатын болады.

2-кесте. Ауыл шаруашылығы салалары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге

	2014ж. негізгі капиталға салынған инвестициялар	2013 жылға %-бен	Соның ішінде төмендегілердің қаражаты есебінен				
			республикалық бюджет	жергілікті бюджет	меншік	шетел	қарыз
Ауыл шаруашылығы, аң аулау және орман шаруашылығы	74 563 600	124,2	12 629 615	3 826 403	481 094 83	384 963	9 613 136
Өсімдік шаруашылығы	47 966 369	135,5	-	44 568	40 579 607	216 356	7 125 838
Мал шаруашылығы	6 100 023	78,5	146 983	618	3 819 592	-	2 132 830
Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы	3 381 913	343,5	-	4 921	3 122 882	-	254 110
Өсімдік және мал шаруашылығы саласында қызметтер көрсету, ветери-	15 141 037	104,0	10 775 822	3 767 181	497 676	-	100 358

## Аграрная политика: механизм реализации

нарлық қызметтерден басқа							
Аң аулау және құс өсіру, осы салада қызмет көрсетулерді қоса	64 057	223,5	-	-	48 060	15 997	-
Орман шаруашылығы және осы салада қызмет көрсету	1 910 201	143,8	1 706 810	9 115	41 666	152 610	-
Ақпарат көзі: ҚР Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылған							

кәсіп орындар мен олардың өндіретін өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі

Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығындағы инвестициялардың экономикалық тиімділігін анықтауда келесі маңызды мәселелер шешілуі керек:

- ауыл шаруашылығы өндірісінде инвестициялардың негізгі бағыттарының ғылыми негізделуі;
- инвестициялық шараларды қаржылық қамтамасыз ету жүйесін құру;
- аймақтың инвестициялық саясатында басым жүйе арқылы инвестициялық процестерді басқару деңгейін арттыру;
- ауыл шаруашылығына инвестицияның экономикалық тиімділігін осы саланың ерекшелігін ескере отырып анықтау әдістерін жетілдіру.

Ауыл шаруашылығы инвестиция тартуды қалыптастыруда осы мәселелерді ескере отырып белсенді саясат жүргізу бәсекеге қабілетті өнім өндірісін құру үшін ауыл шаруашылығының тиімді қызметін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Инвестиция тарту мақсатында аталмыш саланың дамуы, яғни оның тауарларының бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру тұрғысында бірқатар негізгі бағыттар бойынша нақты іс-шаралар кешенін қабылдау тиімді болмақ.

1. Ауыл шаруашылығы бойынша инвестициялардың келіп түсуін арттыру жөнінде аймақтық саясат жүргізу.

Аймақтар бойынша маманданыруды қалыптастыру бойынша іс-шаралар қабылдау аса маңызды орын алады. Мәселен, Алматы, Жамбыл және Оңтүстік-Қазақстан облыстарында – жеміс-жидек, көкөніс саласын, Жамбыл және Алматы облыстарында – қант өндіруді, Ақмола, Қостанай және Солтүстік-Қазақстан облыстарында – астық өңдеуді, Қостанай, Алматы, Қарағанды, Шығыс-Қазақстан облыстарында – сүт өнімдерін, Атырау облысында – балық саласын дамыту қажет [10].

Бұл бағыттар нақты сала бойынша мамандануға, сол аймақтың өндірістік және еңбек ресурстарын жұмылдыруға, ауыл аумақтарының инфрақұрылымын дамытуға,

гін арттыруға, осының барлығы жалпы ауыл шаруашылығы саласының инвестициялық татымдылығын арттыруға өз септігін тигізетін болады.

Ауыл шаруашылығына тартылған инвестицияның негізгі қайнар көзі сол шаруашылық субъектінің өз қаржы құралдары, яғни пайда мен амортизациялық қор болып табылады. Алайда, көпшілік агроқұрылымдар пайда алмайтындығынан және амортизациялық төлемдерінің көлемінің аз болуына байланысты бұл қаржылар тіпті қарапайым ұдайы өндірісті дамытуға да аздық етеді. Шаруашылық операциялары бойынша ақша есептеулерінің аз болуы амортизацияны кәсіпорынның қаржы ресурстарына айналдырмайды, олар бұл қаржыны ағымдық қажеттілік үшін айналым капиталын қаржыландыруға жұмсалуға міндеттейді [11].

2. Институционалдық қамтамасыз етуді жетілдіру. Қазіргі кезде ауылшаруашылық өнімдерінің сапасын мемлекеттік бақылау мен қадағалау функциялары мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет, Қазақстанның Мемстандарт және шаруашылық субъектілеріне қызмет етуіне лицензия беруші мемлекеттік органдар арасында бөлінген. Бұл орайда осы құрылымдардың функциялары мен қызмет саласында қайталануға жол бермеу керек.

3. Өндіріс тізбегін – мемлекет аралық агроиндустриалдық кластерлер қалыптастыру. Қазіргі кезде мемлекет аралық кластерлерді: астық, жеміс-жидек пен көкөніс, қант, сүт, балық салаларын құру мен дамыту өзекті маңызға ие. Бұл бағыттар елдің аграрлық секторы экономикасын өсірудің жаңа нүктелеріне айналуы мүмкін.

Сонымен қатар, шағын және орта бизнес кәсіпорындары өз инвестицияларын кластер қалыптастыруға бағыттауы үшін шарт-жағдай жасаулары қажет. Бұл жағдайда оларға кластердің анағұрлым ірі қатысушыларына тауар мен қызметтер жеткізу рөлі беріледі.

Аграрлық кластердің жұмыс істеуі өндіріс



тізбегінде мелекеттің салықтық, кедендік, тарифтік саясатын жетілдіру арқылы белсенді қатысуын талап етеді.

Республика Үкіметінің шетел компанияларын ынтымақтастыққа ынталандыру бойынша іс-шаралар қабылдауының маңызы зор. Мәселен, астық өңдеу кластерін ұйымдастыру барысында Қазақстанға комбайндар мен басқа ауылшаруашылық машиналарын жеткізу үшін Ресей компанияларымен өзара тиімді ынтымақтастық орнату тиімді болар еді [12]. Тұтастай алғанда республика экономикасын дамытудың кластерлік тетігін іске асыру ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен олар өндіретін өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы болады, экономиканың аграрлық секторына инвестицияларды белсенді тартуға және озық технологияларды ендіру мен жұмыс орындарын құруға жәрдемдесетін болады.

Аграрлық сектордағы мемлекеттік инвестициялық саясат тетіктерін жетілдіру, инвесторларға қолайлы шарт-жағдай жасау үшін тиісті инвестициялық преференциялар беру:

- тауар өндірушілерді инвестициялық жоба аясында жаңадан пайдалануға енгізілген негізгі қорларға қатысты салық төлеуден бес жылға дейінгі мерзімге босату;

- инвестициялық жобаны іске асыру үшін сатып алынған не қолданылатын жер учаскелері үшін салық төлеуден бес жылға дейінгі мерзімде босату.

Ауыл шаруашылығының жағдайын күшейту мен аталған шарттарды қалыптастыру жағымды инвестициялық климат жасауға жол береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 17 қаңтар 2014ж. <http://www.akorda.kz>.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – бо-

лашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. - 11 қараша. – 2014ж.

3 Хуанган Н. ҚР ауыл шаруашылығына инвестиция тарту мәселелері // «Жас ғалымдар және студенттердің «Ғылым әлемі» II Халықаралық конгресінің материалдары. – Алматы, 2008, 320-324 б.

4 Әлжанова Н.Ш. Инвестициялық жобалау. – Алматы, 2014, 8-11 б.

5 Әліппай С. Қазақстан ауыл шаруашылығы әлем назарында // Егемен Қазақстан 24 қазан 2015 жыл, 10б.

6 Кайдарова С. Состояние и приоритеты инвестиционной деятельности // Транзитная экономика. – Алматы, (2) 2014 жыл. 21б.

7 Ауыл шаруашылығы министрі Ақылбек Күрішбаевтың «Айқын» газетіне берген сұхбаты // Айқын 22 шілде 2008 жыл. - 3б.

8 ҚР Статистика жөніндегі комитетінің жедел ақпараты. <http://www.stat.kz/>.

9 АӨК-не инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша ҚР Парламент Мәжілісінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, «ҚазАгро» Ұлттық холдингі мен қоғамдық-кәсіби бірлестіктерінің өкілдерінен тұратын инвестициялық жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия ұсынылған материалдарды. [www.nhkazagro.kz](http://www.nhkazagro.kz).

10 Смагулова Г.С. Аймақты мемлекеттік реттеу. – Алматы, 2007. 256 б.

11 Тұмбай Ж.О., Сейсинбинова А.А., Оракбаева Ш.А. Қазақстан Республикасына тартылған инвестициялардың тиімділігін мемлекеттік реттеу. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдығына арналған «Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігі: Ұлттық экономиканы жеделдете жаңғырту және корпоративтік құрылымдардың дамуы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 1-бөлім. Алматы, 2008, 131 б.

12 Акимбекова Г.У. Развитие кластерной системы в АПК Казахстана // Проблемы Агрорынка - 2006. - № 3. – С. 107-113.